

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ СЕВЕРО-  
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

## ҚАУЛЫСЫ

2021ж. 10 наурыз № 7  
Петропавл қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Петропавловск

### **Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104-бабы 1-тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі өңірлік комиссия отырысының 2021 жылғы 9 наурыздағы хаттамасын, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67- АӘҚД «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68- АӘҚД қаулысын, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 10-АӘҚД қаулысын басшылыққа ала отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысының аумағында карантиндік шектеу іс-шаралары туралы» Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 наурыздағы № 6 қаулысында:

1) 3-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) топтастырумен іс-шаралар өткізбестен, ата-аналары мен еріп жүретін тұлғаларды қабылдамай, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне рұқсат беру;»

**2) 3-тармақтың30) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:**

«30) 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанындағы рұқсат:

- 300 оқушыға дейінгі контингенті бар қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқыту, балалар саны 15 адамнан аспайтын сыныптарда;

- 2021 жылдың 1 наурызынан бастап жалпы білім беретін мектептерде мектеп алды сыныптарының оқушылары, 1-ден 5-ке дейінгі сыныптарды қоса алғанда, халықаралық мектептерде - 1-ден 7-ге дейінгі сыныптарды қоса алғанда, сыныптардағы балалар саны 25 адамнан көп болмайтын жағдайда оқыту;

- бітіруші сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін сабақтары аптаның 6 күніндегі аралас оқыту: 70% пәндер кәдімгі режимде, 30% - қашықтықта (сыныпта 15 адамнан көп емес), «1 сынып - 1 кабинет» қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және бетперде режимдерін сақтау);

- білім беру ұйымы әкімшілігінің шешімі бойынша оқушыларды сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда жеке оқыту;»

**2.**Бұл қаулы орындау үшін міндетті болып табылады және бұзылған жағдайда кінәлілерге әкімшілік шаралар қолданылады.

**3.**Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**4.**Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Солтүстік Қазақстан облысының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігері**

**Ә. Жұматаев**